**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№8 «Тұлпар» бөбекжай-балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының өзін-өзі бағалау қорытынды есебі**

**29 қыркүйек 2023 жыл**

«№8 «Тұлпар» бөбекжай-балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынында Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 59 бабының 4-1 тармақшасы негізінде және 2023 жылғы 26 мамырда өткізілген кезектен тыс педагогикалық кеңестің (№5 хаттамасы) шешімі негізінде 2023 жылдың 01-30 қыркүйек аралығында балабақшада өзін-өзі бағалау жұмысы ұйымдастырылды. Өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізу үшін балабақша меңгерушісінің 2023 жылғы 26 мамырда №12-Н/Қ бұйрығымен комиссия құрамы төмендегідей құрылды:

1) Н.С.Жанбирбаева, шығармашылық топ жетекшісі
2) С.Г.Сарсембаева комиссия мүшесі, тәрбиеші
3) Н.А.Сагинова комиссия мүшесі, музыка жетекшісі
4) М.Жантөрина комиссия мүшесі, педагог-психолог
5) Г.К.Батырханова комиссия мүшесі, кәсіподақ төрағасы
6)Хатшы АдильмухановаЖ.А.,

Комиссия мүшелері Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары», Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығына қосымша *«Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар»* нормативтік құжаттар негізінде, бағалау өлшемшарттарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖБМБС талаптарына сәйкестігіне және мекеменің материалдық базасына талдау жүргізді. Сонымен бірге білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тексеріліп, бағалау өлшемшарттар негізінде «Шаңырақ» бөбекжай-балабақшасының қызметі бағаланды.

## І. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәлімет

1. **Білім беру ұйымының толық атауы**

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің №8 «Тұлпар» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

2. **Білім беру ұйымының орналасқан жері**
   *(заңды мекенжайы және нақты орналасқан жерінің мекен-жайы)*
3. 031100 Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Хромтау қаласы А.Молдағулова көшесі, 1А үйі.
4. **Заңды тұлғаның байланыс деректері**
   *(телефон, электрондық пошта, web-сайт)*

Білім беру ұйымының
сайт атауы: http://hrom-8bb-edu.testim.kz/kz/
Электрондық поштасы: ddu_8@mail.ru
Инстаграм парақшасы: 8tulpar_balabaksha

**Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері**

*(басшының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі)*

Мекеме басшысы: **Косжанова Эльвира Маралбековна**, Хромтау аудандық білім бөлімінің 2020 жылғы 02 қыркүйектегі № 90-ж/қ бұйрығымен тағайындалған.
ұялы телефоны: 87054804589.

5. **Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары** *(заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің және Жарғының көшірмесі қоса беріледі)*

Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама 2021 жылғы 17 қаңтарда берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 01.02.2011 жыл, БСН-110240000534. «Ақтөбе облысы әкімдігі» мекеменің құрылтайшысы болып табылады. "Білім туралы" Заңның 41-бабы мен МДҰ үлгілік қағидаларына сәйкес мекеменің Жарғысы әзірленген. Мекеменің Жарғысы Ақтөбе облысы әкімдігінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 490 бұйрығымен бекітілген.

6. **Рұқсат беру құжаттары** (*білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон)*

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметті жүзеге асыру туралы ***хабарлама*** Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен 14.04.2021 жылы № KZ09RVK00034469 берілген.

**Ғимарат туралы мәлімет**

«№8 «Тұлпар» бөбекжай-балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының меншік иесі құқығына иелік ететін құжаты бар: **Ғимараттың техникалық төлқұжаты**.

«№8 «Тұлпар» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын алғаш рет 2014 жылы 02 қыркүйек айында ашылып 2014 жылдың 17 қыркүйек күні іске қосылды. Ақтөбе облысы әкімдігінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы №490 қаулысымен «Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№8 «Тұлпар» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын болып аталдыЗаңды тұлғаларды қайта тіркеу куәлігі № 60-1904-16-НАО-МК БИН 140940016323 берілген уақыты 15.01.2021жыл . Статистикалық картасы 85100

**Тұрақты жер пайдалану актісі**.
Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі 02:040:004:454:1
жер учаскісінің алаңы: 2336,5ш.м

«№8 «Тұлпар» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын типтік үлгідегі екі қабатты жаңа ғимараты 2014 жылдың 17 қыркүйек күнінен жұмыс жасап келеді. Бөбекжай-балабақшасы 175 орынға

арналған, 7 топ жұмыс жасайды. Оның ішінде 5 қазақ тілінде, 2 топ орыс тілінде жүргізіледі. Осы аталған топтар үшін 14 педагог және кіші 21 қызметкер жалпы саны 35 қызмет етеді.

Штаттық кесте ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарына» сәйкес жасалып, аудандық білім бөлімінің басшысымен бекітілген, 45,75 (бірлік) берілген.

***Қосымша-1:*** Білім беру ұйымының құрылтай құжаттары есепке қоса жалғанады

**Оның ішінде:**

| **Қызмет атауы** | **Штаттық кесте** |
|---|---|
| Меңгеруші | 1 |
| Педагог-психолог | 1 |
| Әдіскер | 1 |
| Дене шынықтыру нұсқаушысы | 1 |
| Бейнелеу | 1 |
| Қазақ тілі маманы | 0,75 |
| Хореограф | 0,5 |
| Шаруашылық меңгерушісі | 1 |
| Медбике | 1 |
| Дәмбике | 0,5 |
| Есепші | 1 |
| Тәрбиеші | 14 |
| Музыка жетекшісі | 1,5 |
| Тәрбиеші көмекшісі | 8 |
| Аспаз | 3 |
| Асхана жұмысшысы | 1 |
| Кір жуушы | 1 |
| Кастелянша | 0,5 |
| Аула сыпырушы | 1 |
| Күзетші | 3 |
| Мекеме жинаушы | 1 |
| жұмысшы | 1,5 |
| Хатшы | 0,5 |
| **Барлығы:** | **46,25 (бірлік)** |

«№8 «Тұлпар» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын балабақшаішілік тәртіп ережелері «Білім туралы» Заң, Жарғы және басқа да азаматтық қатынастарды реттейтін нормативті құқықтық құжаттар негізінде құрылған.

«№8 «Тұлпар» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

**Мақсаты:** мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, қажеттіліктері мен қабілеттеріне сәйкес білім,білік және өз бетінше үйрену дағдыларын қалыптастыру,рухани-адамгершілік құндылықтарын, «Рухани жаңғыру» бағдарламасының міндеттерін іске асыру мақсатында мектеп жасына дейінгі балаларды ұлттық салт-дәстүрлері мен ұлттық адамзаттық құндылықтарды, патриотизм мен төзімділікті тәрбиелеу.

**Міндеттері:**

- Балалардың физикалық және психикалық денсаулықтарын нығайту;
- Креативтілік-шығармашылыққа деген қабілеттік, жаңаны ойлап шығару мүмкінділігі;
- Балаларды жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға баулу («Рухани жаңғыру» бағдарламасы, «Туған жер» кіші бағдарламасы);
- Балаларды тарихқа, табиғатқа, мәдениетке және туған өлкенің бай мұрасына сүйіспеншілігін қалыптастыру;
- Балаларды сапалы мектепке дайындауға бағытталған инновациялық әдістер мен технологияларды енгізу;
- Мектепке дейінгі ұйым мен отбасының өзара ықпалдастығы.

1.Істер номенклатурасы:1. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің міндетін атқарушының 2017 жылғы 29 қыркүйектегі № 263 бұйрығымен бекітілген «Сақтау мерзімдерін көрсете отырып, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар қызметінде жасалатын үлгілік құжаттар тізбесі» (Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 06 қазандағы № 271 бұйрығымен өзгерістер енгізілді)

2.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығымен бекітілген «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарының»;

3. Ақтөбе облысының білім басқармасының 2021 жылғы «18» наурыздағы №1 сараптау комиссиясының хаттамасымен келісілген «Сақтау мерзімдерін көрсете отырып, жалпы білім беретін мекемелер қызметінде жасалатын үлгілік құжаттар тізбесі» негізінде құрастырылды.

## 1. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар

### 1.1 Білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына және ҚР Білім және ғылым министрінің 2012тжылғы 20 желтоқсанында №557 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкестігі туралы

«№8 «Тұлпар» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын құрылтайшысы «Ақтөбе облыс әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, сонымен қатар «Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып табылады.

Оқыту және тәрбиелеу – мемлекеттік тілде және орыс тілінде жүргізіледі.

**2022-2023 оқу жылы бойынша**

| **№** | **Топ аты** | **саны** | **Оқыту- тәрбиелеу тілі** |
|---|---|---|---|
| 1 | «Балапан» тобы | 25 | Қазақ тілі |
| 2 | «Пчелки» тобы | 28 | Орыс тілі |
| 3 | «Құлпынай» тобы | 25 | Қазақ тілі |
| 4 | «Ақтиін» тобы | 24 | Қазақ тілі |
| 5 | «Күншуақ»тобы | 26 | Орыс тілі |
| 6 | «Ақбота» тобы | 23 | Қазақ тілі |
| 7 | «Көбелек» тобы | 24 | Қазақ тілі |

«Қаралды»:
Пед. кеңес Хаттама №
«___ » _______ 2022 ж

«Бекітемін»:
МКҚК «№8 «Тұлпар»
бөбекжай-балабақшасы»
басшы м.а: _______
Э.М.Косжанова
«_____» _______ 2022 ж

**МКҚК «№8 «Тұлпар» бөбекжай-балабақшасы» 2022-2023 оқу жылына**

**ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ КЕСТЕСІ ОРТАҢҒЫ ТОП «Балапан»**

| ***Апта күндері*** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| ***Ұйымдастырылған іс-әрекет*** | Дене шынықтыру **9.50-10.05(топта)** | Дене шынықтыру **9.50-10.05(топта)** | Музыка 9.20-9.35 | Дене шынықтыру **9.50-10.05 ( залда)** | Қазақ тілі |

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Дене шынықтыру** | күн сайын |
| 2 | Сөйлеуді дамыту | күн сайын |
| 3 | Көркем әдебиет | күн сайын |
| 4 | Қазақ тілі*** | күн сайын |
| 5 | Математика негіздері | күн сайын |
| 6 | Қоршаған ортамен таныстыру | күн сайын |
| 7 | Сурет салу | күн сайын |
| 8 | Мүсіндеу | |
| 9 | Жапсыру | |

| | | |
|---|---|---|
| 10 | Құрастыру | |
| 11 | Музыка**** | күн сайын |

| *Дни недели* | **Понедельник** | **Вторник** | **Среда** | **Четверг** | **Пятница** |
|---|---|---|---|---|---|
| **«Күншуақ»** ***Организованная деятельность*** | Физкультура (в группе) **10.10-10.25** | Индивидуальная работа | Музыка **9.00-9.15** Физкультура (в зале) **9.30-9.45** | Казахский язык | Физкультура (в группе) **9.30-9.45** |

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Физкультура** | ежедневно |
| 2 | Развитие речи | ежедневно |
| 3 | Художественная литература | ежедневно |
| 4 | Казахский язык*** | ежедневно |
| 5 | Основы математики | ежедневно |
| 6 | Ознакомление с окружающим миром | ежедневно |
| 7 | Рисование | ежедневно |
| 8 | Лепка | |
| 9 | Апликация | |
| 10 | Конструирование | |
| 11 | Музыка*** | ежедневно |

| *Апта күндері* | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| ***Ересек тобы Ұйымдастырылған іс-әрекет*** | Дене шынықтыру | Қазақ тілі | Дене шынықтыру | Музыка | Дене шынықтыру |
| | **10.10-10.30** **(залда** | Музыка **10.00-10.20** | **9.50-10.10** **(далада** | **10.00-10.20** | **9.50-10.10** **(қимылды ойын)** |

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Дене шынықтыру** | күн сайын |
| 2 | Сөйлеуді дамыту | күн сайын |
| 3 | Көркем әдебиет | күн сайын |
| | Қазақ тілі*** | күн сайын |
| 4 | Математика негіздері | күн сайын |
| 5 | Қоршаған ортамен таныстыру | күн сайын |

| | | |
|---|---|---|
| 6 | Сурет салу | күн сайын |
| 7 | Мүсіндеу | |
| | Жапсыру | |
| 8 | Құрастыру | |
| 9 | Музыка**** | күн сайын |

| *Апта күндері* | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| ***Ұйымдастырылған іс-әрекет*** | Дене шынықтыру | Қазақ тілі | Дене шынықтыру | Музыка | Дене шынықтыру |
| | **10.10-10.30** **(залда** | Музыка **10.00-10.20** | **9.50-10.10** **(далада** | **10.00-10.20** | **9.50-10.10** **(қимылды** |

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Дене шынықтыру** | күн сайын |
| 2 | Сөйлеуді дамыту | күн сайын |
| 3 | Көркем әдебиет | күн сайын |
| | Қазақ тілі*** | күн сайын |
| 4 | Математика негіздері | күн сайын |
| 5 | Қоршаған ортамен таныстыру | күн сайын |
| 6 | Сурет салу | күн сайын |
| 7 | Мүсіндеу | |
| | Жапсыру | |
| 8 | Құрастыру | |
| 9 | Музыка**** | күн сайын |

«№8 «Тұлпар» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынында жылдық жоспар оқу жылының басында талданып педагогикалық кеңесте бекітілген. Педагогикалық кеңестің хаттамалары өткен педагогикалық кеңестегі қаралған мәселелердің шешілгендігін талдау арқылы басталып отырған, сауатты, жан-жақты, нақты жазылған.

Педагогикалық ұжымның іс-әрекеті нормативтік құжаттармен реттеледі.
«№8 «Тұлпар» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК педагогикалық ұжымы оқыту-тәрбиелеу процессін:

- ҚР «Білім туралы» Заңына;
- Жарғысына;

- Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
- Оқу жұмыс жоспарына;
- Ішкі тәртіп ережелеріне;
- ҚР Білім және ғылым министрлігінің, облыстық білім басқармасының және аудандық білім бөлімінің бұйрық, нұсқау, қаулыларына сәйкес ұйымдастырады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұны:

- Өтпелі тақырыптар негізінде құрылған перспективалық жоспар
- апталық циклограмма
- балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін бақылау үшін мониторингтер жүйесін енгізу арқылы іске асырылады.

Перспективалық жоспарға сәйкес әр апта бойынша балалардың әлеуметтік дағдылары мен өз бетінше оқып-үйрену дағдыларын дамытуға бағытталған өтпелі тақырыптарды жан-жақты зерделеуге арналған циклограмма жасалған. Циклограммада Санитарлық ережелер талаптарына сәйкес балалардың жас ерекшеліктері ескерілген. 2022-2023 қыркүйек айын құжаттары толығымен жинақталған.

Ойын арқылы оқыту -педагог жетекшілігімен ойын, құрылымдалған ойын, еркін ойындарды басшылыққа алып жұмыс жүргізуде.

Балабақшада тәрбиелеу мен оқыту Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша жүргізіледі.

Мектепке дейінгі мекеменің әр жылға арналған оқу жұмыс жоспары аудандық білім бөлімі басшысымен келісіп, меңгерушімен бекітілген. Жылдық жұмыс жоспарында өткен оқу жылдарына қорытынды жасалып, атқарылған жұмыстар талданған, алдағы оқу жылының мақсат-міндеттері көрсетілген. Әр топтың ұйымдастырылған іс-әрекетін жылдық перспективалық жоспары білім беру салаларын «физикалық дамыту», «коммуникативтік дағдыларды дамыту», «танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
«шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту»;
«әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру,ескере отырып құрылған.

**Қорытынды:** балабақша оқу жоспары үлгілік оқу жоспарына сәйкес құрылған.

## 1.2 ҚР Білім және ғылым министрінің м.а 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру жолдары

Мектепке дейінгі ұйымда тәрбиелеу мен оқыту Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша жүргізіледі. 2022-2023 оқу жылының ұйымдастырылған іс-әрекетінің жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020жылғы 12 мамырдағы №195

бұйрығына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылға 24 қыркүйегінде №412 бұйрығын, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын, «Мектепке дейінгі балалық шақ - 2021» Республикалық орталығының әдістемелік нұсқаулық хаты, Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдардағы 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хаты негізге алып құрастырылды.
Оқу жылының ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі балабақша меңгерушісімен бекітілген, ҚР МЖМБС талаптарына сәйкес жасалған.

Балабақша педагогтары балалардың ойлау қабілеттерін, белсендігін арттырып, рухани-адамгершілік қасиеттері мен патриоттық сезімдерін дамыта отырып әр жастағы балалардың даму деңгейіне сәйкес және өздерінің кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында ұйымдастырылған іс-әрекетін,білім беру процессінің сапасын қамтамасыз етеді, баланың толыққанды дамуына әр жастағы балалардың даму деңгейіне сәйкес келесі жасқа өтуінде сабақтастықты сақтай отырып әлеуметтік тұлғалық дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасайды, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытады.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының міндеттерін іске асыру мақсатында жаңа талабына сай баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, адамгершілік сынды қасиеттерді саналарына сіңіріп, жаһандану заманында өз елін қорғайтын, үлкенді сыйлайтын «Мәңгілік Ел» ұрпағын тәрбиелеп, балаға жүйелі білім бере отырып, дені сау, білімді, өнерлі ұрпақ тәрбиелеуге үлес қосуды балабақшаның басты мақсатымыз деп түсінген педагогтар осы вариативтік бөлімдерді құрастырып, аудандық білім бөлімінің мектепке дейінгі бөлім әдістемелік кабинетімен бекітіп жұмыс жасауда. Қазіргі таңда күрделі мәселелердің бірі болып отырған ана
тілі де бала үшін асыл қасиет екенін ұқтыру да баршамыздың міндетіміз. Елбасы айтқан ана тіліміз Мәңгілік елдің мәңгілік тіліне айналуы үшін бірқатар маңызды іс-шараларды жүзеге асырып, соның нақты нәтижесінен қорытынды шығаруымыз керек.

Мектеп жасына дейінгі балаларды еркін сөйлетуге бағытталған танымдық шараларға ойлау, көру көрнекіліктерін жиі қолданылады. Әсіресе қазақ тіліндегі басты қасиеттер мен құндылықтарды бүлдіршіндерге үйретіп,олардың сәби жүрегінен шыққан пікірлерімен санасып отыру қажет. Бала тілі-бал, ол түрлі пікірлер айтады, қиялын жеткізеді.Ал тәрбиеші тарапынан оны дамытып, баланы жігерлендіріп,алға жетелеу, талпындыру жұмыстары жүргізіл отырады.. Сонымен қатар халық ауыз әдебиетінен мақал-мәтел, жаңылтпаштар, нақыл сөздер, тарихи әңгімелер мен ертегілерді оқып, балалар мен халық әндерін жаттап қана қоймай, мағынасына терең бойлауға баулу-басты міндетке алынды. Бұндай жұмыстар коммуникация,
таным саласы бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетерінде, драма,тілашар, балабақша музыка жетекшісінің ұйымдастыратын халық әндері мен билері кешінде көрініс табады.

Мектепке дейінгі мекемеде «Мәңгілік Ел» идеясын насихаттауда өскелең ұрпақ тәрбиесіне аса мән берілген. Осы тұғырлы идеяны қалыптастыру үшін ең

алдымен ұлағатты тәрбие мен сапалы білімнің қажеттілігі анық көрсетіледі. Мектепке дейінгі білім беруде жас ұрпақтың бойына сіңіретін тәрбие ұлттық құндылықтарға негізделген.

Балабақшамыздың орта, ересек, даярлық топтарында ұдайы «Мәңгілік Ел» «Рухани жаңғыру» бағдарламасы негізінде ұлттық құндылықтарды насихаттау жұмыстары жүргізіліп отырады. Әр дүйсенбі күндері әнұран айтылады. Сонымен қатар Тәуелсіздік күні, достық, Отан қорғаушылар мерекелері де әнұран айтумен басталып өтеді. Жыл бойы осы бағытттағы жұмыстар жүргізіліп іс-шаралар жалғасын табуда. «Қарттарымыз бен ардагерлерімізге мың алғыс» кездесулер кеші, «Туған жерім» сурет байқауы, «Туған жерім – тірегім!» патриоттық әндер байқауы, «Отбасы – рухани жаңғыру негізі» спорттық сайыс, «Төрлет әз-Наурыз» іс-шаралары өткізілді. Балаларға патриотттық тәрбие беру, Отанды сүюге, ұлтжандылыққа, ерлікке баулу. Ел қамын жеген ерлерді үлгі тұту, өнеге алуға және халқының тарихын білуге үйрету, достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Сонымен қатар «Айбыны асқақ – Ата заң», «Тілім менің - таусылмайтын ырысым», «Қарттарын қадірлеген ел ардақты», «Ел ертенін ойлаған елбасы», «Тұғырығы биік Тәуелсіздік» атты ертеңгіліктер өткізілді. Жоба аясында ұлттық бірегейлікті сақтау үшін ата-аналармен серіктесіп жұмыс жасауға бағытталған «отбасы», «бала» және «педагог» үш одақтың арасындағы қарым-қатынастың беріктігі қолға алынған.

Мектепке дейінгі мекемедегі әдістемелік жұмыс басқарма жұмысы ретінде педагогикалық ұжымның жұмысын, білім беру бағдарламаларының міндеттерін шешуге бағыттайды.

Оқу – тәрбие процессін әдістемелік жағынан қамту мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың талаптарына сәйкес жүргізіледі. Ұжыммен шешілетін жылдық жоспар өзекті болып табылады, графикалық түрде ұсынылады. Педагогикалық жұмыстың нәтижесін арттыру мақсатында түрлі формада тренингтер өткізіледі. Әдістемелік жұмыстар диагностика, оқу-тәрбие жұмысын талдау, педкадрларды кәсіби даярлау деңгейі негізінде жүзеге асады. Педагогтар өз жұмыстарында жаңашыл әдістемелерді, формаларды қолданады.

Мектеппен балабақша арасындағы байланыс формаларының сабақтастығын нығайта отырып, өзара байланысты бірлескен білім беру ұйымының нәтижелі жұмыстары жүргізілді.

Осы мақсат-міндеттерді жүзеге асыру барысында МКҚК №8 «Тұлпар» бөбекжай-балабақшасы №2 Хромтау орыс мектеп-гимназиясы мен №5 Хромтау қазақ мектеп-гимназиясы тығыз байланыста жұмыс жасап келеді. Әр жыл сайын жаңа оқу жылының басында балабақша мен мектеп арасындағы байланыстың жоспары құрылады. Қыркүйек айында «Мектепке дейінгі тәрбие мен бастауыш сыныпта оқытудың өзара сабақтастығы тақырыбында ересек, мектепалды даярлық топ тәрбиешілерімен бірлесе отырып жұмыстар өткізілді. Оған №2, №5 Хромтау мектеп-гимназиясы бастауыш сынып мұғалімдері шақыртылып, өз ой-

пікірлерімен бөліседі. Қазіргі оқу тәжірибесінде мектепке дейінгі және бастауыш мектеп оқуындағы сабақтастықты жүзеге асыруда негізгі екі бағыттарын белгілеуге болады. Олардың біріншісі, балалар дамуының темптерін көбейту және мектепке дейінгі мекемелердің мектептегі оқудың талаптары мен ерекшеліктеріне жету міндеттерінен тұратын тәжірибеге сүйенеді. Екінші, бастауыш мектепке дейінгі білімдер, іскерлік және дағдыларды дамыту тактикасына негізделеді.

Мектепке дейінгі мекемеде педагогикалық кеңестерде тәрбиелік жұмыстарды, олардың нәтижелігін, мазмұнын, формаларын және әдістерін дөңгелек үстел, пікір талас, іскерлік ойын, бағдарламалар презентация түрінде қарастырылған.

Балабақшадағы ҮІӘ, ойын-сауық ертеңгіліктер жоспар бойынша әр оқу жылында өз деңгейінде өткізіліп отырады.

Балабақшада салауатты өмір салтын қалыптастыруға арналған жұмыс түрлері жақсы, жүйелі жолға қойылған. Дене шынықтыру нұсқаушысы Исатаева А.Р. осы бағыттағы жұмыстарды жоспарлы түрде сауықтыру-шынықтыру әрекеттерін қолдана отырып спорттық сайыстар: «Кім жылдам», «Біз спортшылармыз», «Аққаламен бірге», «Сәлем, қыс қонақтары», «Көңілді сырғанақта», «Қыс қызықтары», «Отбасылық сайыс», «Спорт ем болар, жаттықсақ ем қонар» тақырыбында эстафеталық көңілді сайыстар өткізілді.

Музыка жетекшісі Н.А.Сагинова тәрбиешілермен бірлесіп көрсеткен ертеңгіліктері, іс-шаралары өте қызықты сапалы өтіп, әр ата-ананың көңілінен шыға білді. Карантиндік шараларға байланысты ата-аналармен онлайн форматта түрлі іс-шаралар, байқаулар өткізілді. Балалардың ән айту қабілеттерін дамыту үшін дауысты дыбыстарды және тыныс алу жаттығуларын қолданып, музыкалық жанрды ажыратуын жақсы меңгертіп, музыкалық-қимылды ойындарға қызыға араластыру арқылы шығармашылықтарын арттырды.

**Диплом «Ақылды бала»** атты Аудандық зияткерлік «Күншуақ» тобының балалары байқауына қатысып ІІІ орынға ие болған

№8 «Тұлпар»ББ Кітап бұрышын ұйымдастыру бойынша «Балаларға базарлық» республикалық байқауына қатысқаны үшін мадақтамен марапатталды жетекшісі Егизбаева А.М.

«Ханталапай» республикалық байқауына қатысып, белсенділік танытқаны үшін ІІІ орын иеленген мадақта мен марапатталды Махимова Динара Султанбековна

**6.Ата аналармен көмегімен мынадай қөрмелер ұйымдастырылды**

1. 4 мезгілге көрме
2 «Ертегі елінде»- сахналау
3.Креативті Ата-ана жиналысы «Бірлескен жұмыс ата- ана-тәрбиеші- балабақша».
**«Әжем, анам және мен»** аналар мерекесіне арналған отбасылық байқау;
Тәрбиеленуші : Русланова Әдемі ақбота тобы І орын
Жетекшісі: Токсамбаева Н.Ж.

**«Шымырлық пен шеберлік күні», «Ханталапай»** Наурыз мерекесіне орай шығармашылық байқау; көбелек тобы

Тәрбиеленуші   Исатай Мағжан  III орын
Жетекшісі:Махимова Д.С.
**«Мен зерттеушімін»** Республикалық мектеп жасына дейінгі балалар байқауы - бас жүлдеге ие болған
Тәрбиеленуші : Исмагулов Женисхан
Жетекшісі: Светлана Галимжановна Пчелки тобы,және
**Облыстық кезеңінде жүлделі III орын иеленген.**
**«Үздік тәрбиеші»** Светлана Галимжановна III орын аудандық байқауында
**«Балаларға базарлық»** кітап бұрышын ұйымдастыру байқауы
пчелки тобы
жетекшісі:Егизбаева Асемгуль Маликовна
**«Егер мен Суперкаһарман болсам....»**
Тәрбиеленуші : Асылханұлы Аян
жетекшісі:  Сапарова А.М.
*16қарашада*     МКҚК №8 «Тұлпар» б/б
болған  «Кітапхана» кабинетінің ашылуы *өткізілді*
1.«Кітап –біздің досымыз» атты балалар кітапханасының ашылуына арналған мереке. ББ нен Барикова Г.С., 1-2 ата аналар шақырылды.
2.«Экология» кабинеті ашылды.
Ауызша және ауызша емес әдіс тәсілдерді қолдана отырып,
тәжірибелік қарым-қатынастық біліктіліктер мен дағдыларды
жетілдіру.
-Қиялды, көрнекі бейнелік ойлауды, сөздік-логикалық ойлауды,
көрнекі іс-әрекеттік ойлауды шығармашылық және сын
тұрғысынан ойлауды дамыту, балаларды белсенді іс-әрекетке және
зейіннің шоғырлануына тәрбиелеу, эмпатияның(терең сезім) пайда
болуына ықпал ету.

**Қорытынды:** Жаңартылған мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын іске асырудың негізгі бағыттары ол жаңартылған Стандарт және Бағдарлама-дағы мектепжасына дейінгі балалардың дайындық деңгейіне қойылған талап-тарды жүзеге асыру мақсатында жұмыстар жасалынып отыр, жаңа инновациялық технологияларды оқу және іс-әрекет барысында қолданылады.

## 1.3 МТДО үлгілік оқыту бағдарласына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру туралы

Топтағы заттық-дамыту орталықтар жас ерекшеліктеріне сай құрылған, бөбекжай-балабақшадағы топтардың барлығы балалардың жас ерекшеліктеріне сай жабдықталып, безендірілген, қажетті көрнекілік құралдарымен қамтамасыз етілген. Балалардың денсаулығын және өмірін сақтаудағы қауіпсіздік ережелері қатаң сақталған. Қабылдау бөлмесінде ата-аналарға арналған ақпарат бұрыштары, жылжымалы папкілер бар. Онда ата-аналарға арналған педагогикалық және

дәрігерлік кеңестер мен хабарландырулар, балалардың жеткен жетістіктері туралы ақпарат берілген. Топтарда «Шаштараз», «Дәріхана» бұрышы, «Қазақ тілі» және «Орыс тілі» бұрыштары, сонымен қатар «Кітап бұрышы», «Табиғат», «Біз кезекшіміз» бұрыштары орнатылған. Сюжеттік-рольдік ойындардың құрал жабдықтары жинақталған, аквариумдағы балықтар, бөлме өсімдіктері өсеріледі. Топта балалардың ой-өрісін, тілдерін дамыту мақсатында лото, мозайка, үстел үсті және әр-түрлі құрастырмалы ойыншықтар жинағы бар. Театрлық іс-әрекеттерін және шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында драматизациялауға арналған қуыршақтар, үстел үсті театрлар, көлеңкелі театрларының атрибуттары жинақталған. Топ тәрбиешілерінің көрнекіліктері эстетикалық талғамға сай жасалған.

Топ құжаттары талапқа сай жинақталған. Ата-аналармен жұмыс, мектеппен сабақтастық жоспарлары құрылып, өткізілген кеңестер, дөңгелек үстел, баяндамалар, ертеңгіліктер, сауалнамалар папкаға жинақталып хаттамалары толтырылған.

Тәрбиеленушілердің құқықтық тәрбиелеу, білім беру мекемесінде тәрбие жұмысын құқықтық әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету барысында педагогикалық кеңесте мәселе етіп қойылып, талқыланған «Ата-аналармен құқықтық тәрбие бойынша жұмысты ұйымдастыру» тақырыбын талқылау. Мектепке дейінгі мекемеде кеңістік-пәндік ортаны дайындау барысында «Бала құқығы», «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы», «Террористік қауіптің деңгейлері», «Бала мен балабақша», «Ата-аналар сіздер үшін», «Денсаулық бұрышы», «Кәсіподақ бұрышы», «Қауіпсіздік бұрышы», «Жол ережелері» атты мемлекеттік белгілермен тақырыптық стендтер орнатылған. Сөйлеу тілінде мүкістігі бар балаларға кешенді психологиялық және әлеуметтік көмек көрсету мақсатында сенсорлық және релаксация бөлмесі жабдықталған. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытуда баланың ерекшеліктері ескеріліп, оқу жоспары мен бағдарламалар әзірленген. Баланың танымдық, сөйлеу, шығармашылық іс-әрекетін, коммуникативтік қабілеттерін қалыптастыру үшін қолданылатын дидактикалық оқу құралдары мен үлестірмелі материалдар жеткілікті және эстетикалық талғамға сай. Аудиотека, видеотека бойынша қазақ және орыс тілдерінде ертегілер, жаңылтпаштар, санамақтар,сергіту сәті дискілердің данасы жинақталған. Балаларға арналған дамытушы сенсорикалық орталықта балалардың қоршаған ортаны бағдарлау аясын кеңейтуде, сезімдік тәжіребиесін қалыптастыра отырып түйсігі мен қабылдауын жетілдіруге, ұсақ қол моторикасын дамытуға ,түрлі-түсті заттар мен құралдарды қолдануға, түстерді ажырата білуге, біртекті заттардың ортақ белгісіне қарай топтастыра білуге бағытталған. «Сенсорика әлеміне саяхат» атты түрлі көлемдегі геометриялық пішіндерді, түсі, көлемі, ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіруге арналған құралдармен жабдықталған орталық ашылды.

Мектепке дейінгі мекемеде балалардың стратегиялық ойлау қабілетін дамыту мақсатында Қазақстанда жасалған «Жеті ойыншық» жобасы аясында және «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласын толықтай етіп түсіндіру, сонымен қатар тарихи құндылықтарды таныту үшін балабақшамызда «Рухани жаңғыру» кабинетінде жұмыс жалғасуда. Әр топтың балалары арнай кабинетке келіп, құралдарды өз ойларынша қозғалтып еркін ойнап жүзеге асыра алады. Бұл ойыншықтың мақсаты – «Жеті ойыншық» құрастылмалы ағаш ойыншықтар арқылы балалардың логикасын, стратегиялық ойлау қабілетін, үздік көшбасшы болуға тәрбиелеу. «Жеті ойыншық» авторлық жобасында 7 секция бар. Біріншісі, «Зияткер» — сиқырлы сандар, екіншісі, «Ұлы дала ұланы» — балалардың күнделікті өмірінде қажетті дағдылар мен қабілеттерді қалыптастыру, үшіншісі, «Зерделі ұрпақ» — сенсомоторлы, төртіншісі, «Ұлы дала сазы» — шығармашылықты дамыту, бесіншісі, «Ғажайыптар мекені» — жаратылыстану, алтыншысы, «Тіл — қазына» қарым-қатынас, жетіншісі, «Ұлы дала ұлағаты» — өлкетану және этномәдениет аймақтарына бөлінген.

**Қорытынды:**

1.Мектепке дейінгі мекеме компьютерлермен, интернет жүйесін қамтылған.

2. Мектепке дейінгі тәрбие және оқытудың мемлекеттіне жалпыға міндетті стандартымен анықталған нормативтерге сай әдістемелік әдебиеттер саны жинақталған.

3.Әдістемелік база жағдайы, оқу-тәрбие үрдісінің жұмысы «қанағаттанарлық» деңгейде.

4. Барлық топтарда МЖМБС білім беру салалары бойынша жабдықталған.

## 1.4 МЖМБС және МДТО үлгідік оқу бағдарлмасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімі бар педагогтердің болуы

«№8 «Тұлпар» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынында барлығы 14 педагог жұмыс жасайды. Мектепке дейінгі педагог-қызметкерлердің штаттық кестесі ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 қаулысымен бекітілген мектепке дейінгі мекеменің үлгі штаттық кестесіне сәйкес жасалған және аудандық білім бөлімі тарапынан бекітілген. Мектепке дейінгі мекемеде кадрлар толық мамандандырылған.

**«№8 «Тұлпар» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК – ның педагог қызметкерлері туралы мәлімет:**

| № | Аты-жөні | Туған жылы | Білімі | Лауазымы | Пед. өтілімі | | Санаты |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Жалпы | Қызметі бойынша | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Косжанова Эльвира Маралбековна | 08.06.1988 ж | Арнаулы орта. Актөбе гуманитарлық колледжі 15.06.2016ж ТКБ № 0749338 | меңгеру шісі | 6ж 7 ай | 6ж 7 ай | сарапшы 11.09.2023 Рег номер S9NMUY |
| 2 | Калымбетова Нурзат Есенгельдиновна | 05.10.1969 ж | Арнаулы орта. Актөбе педагогикалық училище 28.06.1990ж МТ-І № 181725 | Әдіскер | 31ж | 31ж | «Жоғары» санат 06.06.2019ж. №197 Берілген күні: 10.06.2019ж |
| 3 | Сагинова Нурия Адильхановна | 16.06.1979 ж | Арнаулы орта. Көпсалалы «Болашақ» колледжі 05.06.2019ж ТКБ № 1336597 | Ән жетекші сі | 21ж | 21ж | Педагог-модератор 07.12.2020ж №132 Тіркеу №: CMX5K8 |
| 4 | Жантөрина Мөлдір Дүйсенбіқызы | 11.05.1991 | Жоғары.Қ.Жұбанов ат.Актөбе мемлекеттік университеті 28.05 2013 | психоло г | 8ж | 8ж | Педагогмодер атор 01.092023 Рег номер: RJ6UJ1 |
| 5 | Жанбирбаева Нурсәуле Сагинбаевна | 01.11.1965 ж | Арнаулы орта. Актөбе педагогикалық училище 05.07.1985ж ЗТ № 175243 | Тәрбиеш і | 33ж | 33ж | Педагогмодер атор 01.09.2023 Рег номер: F81BT6 |
| 6 | Батырханова Гульжихан Кайроллаевна | 09.08.1963 ж | Арнаулы орта. Көпсалалы «Болашақ» колледжі 29.06.2020ж ТКБ № 1336806 | Тәрбиеш і | 41ж | 41ж | - |
| 7 | Сарсембаева Светлана Галимжановна | 24.01.1969 ж | Арнаулы орта. Көпсалалы «Болашақ» колледжі 29.06.2020ж ТКБ № 1437995 | Тәрбиеш і | 32ж | 32ж | І санат 29.04.2019ж. №97 29.04.2019 Берілген күні: 29.04.2019ж |
| 8 | Токсамбаева Нургуль Жумаевна | 28.04.1985 ж | Жоғары.С. Баишев Университеті 10.06.2022ж | Мектепк е дейінгі тәрбие және оқыту | 14ж | 14ж | - |
| 9 | Исатаева Аягоз Раимовна | 05.12.1993 ж | Арнаулы орта. Актөбе гуманитарлық техникалық әмбебап мультипрофильдік колледжі 03.07.2014ж ТКБ №0581273 | Дене шынықт ыру маманы | 6ж 8 ай | 6ж 8 ай | - |
| 10 | Сапарова Айжамал Адилжановна | 30.08.1986 ж | Арнаулы орта. Актөбе гуманитарлық техникалық әмбебап мультипрофильдік колледжі 2022ж | Мектепк е дейінгі тәрбие және оқыту | 12ай | 12ай | - |
| 11 | Молдыбаева Жұлдыз Набидоллақызы | 03.05.1999 ж | Арнаулы орта. Хромтау Тау-кен техникалық | Тәрбиеш і | 2ж,2ай | 2ж,2ай | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | колледжі 26.06.2019 ж ТКБ № 1315225 | | | | |
| 12 | Адильмаханова Жанар Амангосовна | 10.12.1989 | Арнаулы орта. Ақтөбе гуманитарлық техникалық әмбебап мультипрофильдік колледжі. 2022ж | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту | тәрбиеші | 12ай | |
| 13 | Махимова Динара Султанбековна | 15.11.1986 ж | Арнаулы орта. Ақтөбе гуманитарлық техникалық әмбебап мультипрофильдік колледжі. 2022ж | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту | тәрбиеші | 2жыл | |
| 14 | Остапчук Виталина Юрьевна | 13.08.2000 ж | Арнаулы орта. Жоғары көпсапалы «Болашақ» колледжі.2021ж | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту | тәрбиеші | 12ай | |

**Педагогтардың білімі туралы мәлімет**

| **Оқу жылдары** | **Барлық педагогтар** | **Мектепке дейінгі жоғары білім** | **Жоғары пед.білім** | **Мектепк дейінгі арнаулы орта білім** | **Арнаулы орта білім** | **Пед. білім** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2022-2023 | 14 | 1(7) | 3(21) | 10(71) | 10 (71) | 14(100) |

**Біліктілік санаты бойынша кадрларға мінездеме**

| **Оқу жылдары** | **Жалпы саны** | **жоғары** | **I** | **II** | **Санаты жоқ** | **Педагог-Зерттеу** | **Педагог-Сарапшы** | **Педагог-Модератор** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2022-2023 | **14** | 1(7) | 1(7) | **-** | **7 (50)** | **-** | **1(7)** | **4 (29)** |

Санаты бар тәрбиешілердің саны – 7 (50 %)

Өткен жылдармен салыстырғандағы біліктілік санаттарының көрсеткіші:

2021-2022 оқу жылы - 14 педагог –9 (64 %)

2022-2023 оқу жылы -14 педагог -7 (50 %)

Мектепке дейінгі ұйым әкімшілігі педагогтардың біліктілік санатын көтеруге көп көңіл бөледі.

**Курстан өткен педагогтар көрсеткіші**

| **Оқу жылдары** | **Педагогар саны** | **«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы** | **Республикалық білім жетілдіру орталығы** | **Ақылы курстар** |
|---|---|---|---|---|
| 2022-2023 | 14 | 11(79) | 2 (14) | 3(21) |

Педагогтар өздерінің кәсіби шеберліктерін өз бетімен білім алу арқылы арттырады – бұл әдістемелік бірлестіктерге қатысу, өзара байланыс жасау, жаңашыл әдістемелік әдебиеттерді оқу, қалалық және облыстық семинарларға

қатысып өз іс-тәжіребиесімен бөлісу және қалалық және облыстық әдістемелік орталықтың қолдауымен әдістемелік жинақтарын баспадан шығару, қалалық, облыстық, республикалық баспаларға өз мақалаларын кеңестерін және ашық ҰІӘ-ін жарияланып отыр.

**Еңбек өтілі бойынша кадрларға мінездеме**

| Оқу жылдары | Педагогтар саны | 0-5 жылға дейін | 5-10 жылға дейін | 10-15 жылға дейін | 15-тен 20жылға дейін | 20 жылдан жоғары |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2022-2023 | 14 | 5(36) | 2 (14) | 1(7) | 1(7) | 5 (36) |

**Жас ерекшелігі бойынша кадрларға мінездеме**

| Оқу жылдары | Педагогтар саны | 20-30 жас | 30-40 жас | 40-50 жас | 50-60 жас | 60-тан жоғары жас |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2022-2023 | 14 | 1 (7) | 7 (50) | 1 (7) | 5 (36) | |

**Тәрбиешілердің конкурстарға қатысу нәтижелері**
**(аудан, облыс, республика)**

| Оқу жылы | Педагог саны | Аудан | Облыс | Республика | Халықаралық |
|---|---|---|---|---|---|
| 2022-2023 | 14 | 5(0,9%) | 7(1,26%) | 4(1,05%) | 16(1,05%) |
| **Барлығы** | | 39(37,44%) | 53(50,88%) | 24(23,04%) | 61(58,56%) |
| **Бағалау** | | «Zhagsy» | «Zhagsy» | «Ortasha» | «Zhagsy» |

Кадрларды орналастырғанда білімі, педагогикалық жұмыс тәжірибесі, психологиялық сәйкестік есепке алынады.

Педагогикалық кадрлар туралы мәселе әкімшілікпен педагогикадық кеңестерде, кәсіподақ, өндірістік жиналыстарында талқыланады.

«№8 «Тұлпар» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынында іс жүргізу мемлекеттік тілде жүргізіледі. Мектепке дейінгі мекемеде кадрлардың жеке іс-қағаздары талапқа сай жүргізілген. Жеке іс-қағаздарда кадрларды жұмысқа алу өтініштері, өмірбаяны, жұмысқа қабылданғандары туралы, жеке куәлігінің көшірмесі, еңбек кітапшалары, біліктілік арттыру курстарынан өткен сертификаттары және біліктілік санаты туралы бұйрықтарының көшірмелері барлығы түгел. Негізгі қызмет жөніндегі, жеке құрам бойынша бұйрықтар кітаптарының жүргізілуі талапқа сай. Мектепке дейінгі мекеме кадрларының еңбегін бағалау жұмыстары жақсы атқарылған. Педагог қызметкерлер мектепке дейінгі мекеме ішілік марапаттаулар мен қатар аудандық, облыстық марапаттарға ие.

Қазақсан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а 2008 жылы 16 мамырдағы №272 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарында

**Тәрбиешілердің конкурстарға қатысу нәтижелері**
**(аудан, облыс, республика)**

| Оқу жылы | Педагог саны | Аудан | Облыс | Республика | Халықаралық |
|---|---|---|---|---|---|
| 2022-2023 | 14 | 5(0,9%) | 7(1,26%) | 4(1,05%) | 16(1,05%) |
| **Барлығы** | | 39(37,44%) | 53(50,88%) | 24(23,04%) | 61(58,56%) |
| **Бағалау** | | «Zhagsy» | «Zhagsy» | «Ortasha» | «Zhagsy» |

Кадрларды орналастырғанда білімі, педагогикалық жұмыс тәжірибесі, психологиялық сәйкестік есепке алынады.

Педагогикалық кадрлар туралы мәселе әкімшілікпен педагогикадық кеңестерде, кәсіподақ, өндірістік жиналыстарында талқыланады.
«№8 «Тұлпар» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынында іс жүргізу мемлекеттік тілде жүргізіледі. Мектепке дейінгі мекемеде кадрлардың жеке іс-қағаздары талапқа сай жүргізілген. Жеке іс-қағаздарда кадрларды жұмысқа алу өтініштері, өмірбаяны, жұмысқа қабылданғандары туралы, жеке куәлігінің көшірмесі, еңбек кітапшалары, біліктілік арттыру курстарынан өткен сертификаттары және біліктілік санаты туралы бұйрықтарының көшірмелері барлығы түгел. Негізгі қызмет жөніндегі, жеке құрам бойынша бұйрықтар кітаптарының жүргізілуі талапқа сай. Мектепке дейінгі мекеме кадрларының еңбегін бағалау жұмыстары жақсы атқарылған. Педагог қызметкерлер мектепке дейінгі мекеме ішілік марапаттаулар мен қатар аудандық, облыстық марапаттарға ие.

Қазақсан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а 2008 жылы 16 мамырдағы №272 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметінің және оны сайлау тәртібінің ережелері» негізінде жыл бойына жоспарға сәйкес 5 рет педагогикалық кеңес ұйымдастырылған. Педагогикалық кеңес отырысында хаттама толтырылып отырады. Педагог кадрларының жұмыстарының сұрақтары әкімшілік педагогикалық кеңестерде, кәсіподақ және өндірістік отырыстарда қарастырылып отырады. Педагогикалық процесстің ең маңызды көрсеткіштерінің бірі – жұмыс нәтижесін сараптау болып саналса, мектепке дейінгі мекемеде әр жылға оқу-тәрбие жұмысының қорытындысы бойынша педагогтардың мониторингі жасалған.

Мектепке дейінгі мекеме әкімшілігі мектепке дейінгі білім берудің мазмұнын жаңарту, педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыру жұмыстарының жүйелі және жоспарлы түрде жүргізіледі.

**Ұсыныстар:**

1. Жаңаша форматта педагогтар біліктілік санатын көтерсін.
2. Жаңартылған білім беру курстарында педаоготар біліктілігін көтерсін.

**Қорытынды:**

1. Мектепке дейінгі мекемеде оқу-тәрбие жұмысы «жеткілікті» деңгейде.
2. Мектепке дейінгі мекемеде кадрлармен жүргізілетін жұмыс жүйелі жолға қойылған.
3. Кадрлардың іс-қағаздары, құжаттары талапқа сай жүргізілсін.
4. Педагогикалық құрамының сапасы жоғары деңгейде, барлығы мамандандырылған.

**1.5 Жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде баланың ерекшеліктерін ескере отырып ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуда инклюзивті білім беру талаптарын орындау туралы**

ҚР 2008 жылы «Мүгедектер құқығы туралы» конвенция мен мүмкіндігі шектеулі адамдардың барлығына жағдай жасауға міндеттенген заңына сай балабақшада инклюзивті білім беру бағдарламасы орын алады.

Инклюзивті оқыту – барлық кемтар балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепке және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді, олардың тең құқығын анықтайды, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді.
Мақсатымыз мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру, психологиялық-педагогикалық көмек беру. Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған оқу іс-әрекеттерін жеке-жеке өткіземіз. Балалармен жұмыстың формаларында ата-аналар белсенді қатысады. Психолог маман баланың психологиялық жағдайын қалпына келтіруге коррекциялық әдістеме бойынша жеке жұмыстар өткізеді, көңіл күйінің қалыпты болуын қадағалайды, өзін танып білуге көмектеседі. Тренинг, ойын-жаттығу, арттерапия, аудитренинг баланың психологиялық тұрғыдан дамуына ықпал етеді. Психолог маман ата-аналардың сұрақтарына жауап береді, ата-аналарға арналған кеңестер беріп отырады және отбасындағы атмосфераның қалыпты болуына көмек көрсетіп отырады. Осы балалармен жүргізілген жұмыстардың нәтижелілігі қосымша факторларға да байланысты. Ең алдымен, оқу сабақтарының балаларды қоғамдық тәртіп ережелеріне, белсенділіктерін дамытуға, коммуникабельдік дәрежесіне сәйкес келуі үлкен орын алады. Сонымен қатар, барлық ұйымдастырылған оқу қызметі арасындағы байланыс, яғни бір тақырыптың түрлі пәндерде қаралып, түсіндірулермен қатар, жағымды тұлға қасиеттерін қалыптастыруда еңбекке оқыту, еңбекке баулу ерекше маңызды болып табылады.

Жеке тұлғаны әлеуметтік бейімдеу ұйымдастырылған оқу қызметінде және ҰІӘ тыс уақыттардағы ұйымдастырылған экскурсияларда өткізіледі. ҰІӘ барысында арнайы құрылған жағдаяттар бойынша балалар қажетті тұрмыстық икемдерді, қоғамдық тәртіп ережелерін игереді. Ол үшін ҰІӘ тыс уақыттарда «Дүкенде», «Шаштаразда», «Автобуста» т.б. сияқты сюжетті-рольді ойындар

өткізіледі. Балаларға белгілі бір жағдайда қалай жасау керектігін бірнеше рет қайтара көрсетіп үйретіп отырады.

Тәрбиеленушілерді әлеуметтік оқыту барысында көрнекі құралдар негізгі тиімді әдіс болып табылады. Педагог мүмкіндіктері шектелген балаларды экскурсия, сюжетті-рольді ойындар, ертегі қойылымдар, театрландырылған қойылымдар барысында сыртқы ортаның қасиеттерімен, құбылыстарымен таныстырады. Бұл балалардың мүмкіндіктерін пайдалана отырып, өздеріне қызмет ету, тұрмыста және арнаулы өндірісте қиын емес еңбек операцияларын орындауға, мүмкіндігінше қоршаған ортаға икемделуге бағытталған жұмыстар. Осындай жұмыстар барысында дамуында проблемасы бар балалар белсенділік көрсетіп, өз беттерінше жұмыс істей алуға, түрлі жағдаяттар барысына сай әрекет етуге, өзін өзгелердің бағалауына парапар ұстауға үйренеді. Түзету жұмыстары барысында жасаған жұмыстарына сын көзбен қарауға үйреніп қана қоймай, салыстырмалы түрде бағалауға, өзгелердің сындарын қабылдай және тексшелей алуға, керек кезінде жолдастарын қолдауға, көмек қолын созуға үйренеді. Яғни, психикалық дамуы тежелген баланы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қызметінің тиісті мамандарымен жүзеге асырылады.

**Қорытынды:** инклюзивті оқыту мектеп жасына дейінгі балаларды оқуда, түрлі салаларда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырып отыр. Барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеріліп ерекше қажеттілігі бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы қолға алынған.

## 1.6 Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізгі болып табылатын оқыту нәтижелерінің болуы

«№8 «Тұлпар» бөбекжай балабақшасының жылдар бойы тәрбиеленушілердің мониторингін жүргізу, оның сапасын анықтау бойынша жұмыстары уақытылы жүргізіліп аудандық білім бөліміне үнемі тапсырылып отырды. Жалпы 2022-2023 оқу жылы бойынша мониторинг көрсеткіші орта есеппен алғанда жоғары **82%** пайыздық көрсеткішті көрсетті, мұның өзі балабақшаның стандарт талаптарын орындау барысындағы сапасының жеткілікті түрде орындау нәтижесі.

**Балалардың 5 сала бойынша біліктері мен дағдыларының тізбесі**

| Р/с | Дағдылар тізбесі | Бөбек жасы (1-3 жас) | | | | Мектепке дейінгі жас (3-6 жас) | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Ерте жас (1 жастан бастап) | | Кіші жас (2 жастан бастап) | | Орта жас (3 жастан бастап) | | Ересек жас (4 жастан бастап) | | Мектепалды жасы (5 жастан бастап) | | Барлығы игерген % | |
| | | Топтар саны/ балалардың саны* | Дағдыларды игерген балалар саны %* | Топтар саны/ балалардың саны* | Дағдыларды игерген балалар саны %* | Топтар саны/ балалардың саны* | Дағдыларды игерген балалар саны %* | Топтар саны/ балалардың саны* | Дағдыларды игерген балалар саны %* | Топтар саны/ балалардың саны* | Дағдыларды игерген балалар саны %* | Барлығы топтар саны/ балалардың саны* | Барлығы дағдыларды игерген балалар саны %* |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 |
| 2022-2023 | 5 | | | | | 2/48 | 32/67% | 3/83 | 69/83% | 2/51 | 49/96% | 7/182 | 150/82% |

2022-2023 оқу жылы бойынша да салалар бойынша бастапқы көрсеткіш орта есеппен алғандағы 61 % пайызды көрсетіп отыр, аралық көрсеткіш орта есеппен алғандағы 74 % пайызды көрсетіп отыр жыл аяғына дейін қорытынды көрсеткіш бойынша 90 % пайызды көрсетеді деген сенімдеміз

**Қорытынды:**

Тәрбиеленушілердің дамуын бағалау құралдары, бағалау тәртібі стандарт талаптарына сай келеді.

Тәрбиеленушілердің дамуын бағалау мониторинг көрсеткіштері орташа есеппен 90 % -деңгейді құрады.

Тәрбиеленушілердің даму деңгейлерін бағалау мониторингінің сапасын бақылау бойынша жұмыстар жоспарлы түрде жүргізілген, іс-құжаттары талапқа сай жинақталып, талап етуші орынға көшірмелері дайындалды.

**1.7 «Физикалық дамыту», «Коммуникативтік дағдыларды дамыту», «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту; «Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту»; «Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру» білім беру саларына негізделген МДТО мазмұнын түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асыру**

Білім беру салаларына негізделген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мамұнын түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асыру жолдарында:

«**Физикалық дамыту**» білім беру саласы бойынша:

Балалардың өз бетінше қимыл-қозғалыс іс-әрекетіне, баланың дене бітімі мен психикасын қолайлы сезінуін қамтамасыз ететін, қимылды ойындар жиынтығы, доптар, атрибуттар, табан бұлшықеттерін жетілдіруге арналған, массажды төсеніштер түрлі пішінді ойын материалдар бар.

Мәдени-гигиеналық әдеттері мен дағдыларын кеңейтіп, жетілдіруге арналған сауықтыру-шынықтыру шаралары жоспары бекітілген.

**«Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту»** білім беру саласы бойынша:

Түрлі-түсті заттар мен құралдарды қолдану, түстерді ажырата білу, біртекті заттардың ортақ белгісіне қарай топтастыра білу, ұсақ қол моторикасын дамыту. Қоршаған ортаны бағдарлау аясын кеңейту. Сезімдік тәжіребиесін қалыптастыру түйсігі мен қабылдауын жетілдіру. Түрлі көлемдегі геометриялық пішіндерді, түсі, көлемі, ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру мақсатында жабдықталған. Барлық ұйымдастырылған оқу қызметі оқу жылына бекітілген перспективалық жоспарға сүйене отырып ҮІӘ өткізіледі.

**«Коммуникативтік дағдыларды дамыту»,** білім бері саласы бойынша:

Сөйлеу мәдениеті, дыбыстық мәдениет, дыбыстарды дұрыс айта білуге, ажырата білуге жаттықтыру. Сөздерді түрлендіруге сыни көзқарасын және дұрыс сөйлеу білуге үйрету. Сөздік қорларын дамыту, байланыстырып сөйлеуге үйрету, сөзге қызығушылығымен зейінін тұрақтандыру.

Грамматикалық дұрыс сөйлеуді жетілдіру. Диалогты сөйлеуді қалыптастыру және шығармашылық тілдік қабілетке баули отырып, әдеби шығармаларды тыңдап, әңгімелеу және әңгімені қабылдай білуге үйрету мақсатында қатынас саласы жабдықталған. Барлық ұйымдастырылған оқу қызметі оқу жылына бекітілген перспективалық жоспарға сүйене отырып ҰОҚ өткізіледі.

**«Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту»**
білім саласы бойынша:

Тәрбиеленушілердің жас шамасын ескере отырып, бейнелеу құралдарының түрлерімен музыкалық аспаптарымен, ертегі және әңгімелер тыңдауға арналған дидактикалық ойындармен жабдықталған. Барлық ұйымдастырылған оқу қызметі оқу жылына бекітілген перспективалық жоспарға сүйене отырып ҮІӘ өткізіледі.

**«Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру»**
білім беру саласы бойынша:

Бейімделу процессіне ықпал ететін, мінез-құлықтың қарапайым ережелерін сақтай отыра, өз құрдастарымен ынтымақтастыққа тәрбиелейтін жағдай жасалған. Жыл мезгілдері, үй және жабайы жануарлар жинағы, ұлттық бұрыштар, ойындар, ыдыс-аяқтармен жабдықталған. Барлық ұйымдастырылған оқу қызметі оқу жылына бекітілген перспективалық жоспарға сүйене отырып ҮІӘ өткізіледі.

**Тәрбиеленушілердің конкурстарға қатысу нәтижелері**
**(аудан, облыс, республика)**

| Оқу жылы | Бала саны | Аудан | Облыс | Республика | Халықаралық |
|---|---|---|---|---|---|
| 2022-2023 | 178 | 16(8%) | 26(13%) | 14(1,05%) | 85(43%) |
| Барлығы | | 131(14%) | 139(15%) | 83(9%) | 340(36%) |
| Бағалау | | «Zhagsy» | «Zhagsy» | «Ortasha» | «Uzdik» |

**Қорытынды:** мектеп жасына дейінгі балалардың 5 білім саласы бойынша оқыту мен тәрбиелеуде баланың құзыреттілігін дамытуда жұмыстар жүргізіліп отыр. Балабақша педагогтары физикалық, интеллектуалды, адамгершілік, эстетикалық,

коммуникативтік және әлеуметтік дамудың азайтылған бірақ функционалды толық білім жиынтығы кіретін мектепке дейінгі білім берудің құрама бөлігін нәтижеге жеткізіп отыр.

2. **Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС 2-қосымшасына сәйкес туғаннан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалауда**

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС 2-қосымшасына сәйкес туғаннан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалауда ата-аналар сауалнамасының қорытынды көрсеткіштері мынадай болып келеді:

**Мектепалды жастағы балалардың ата-аналарына арналған сауалнама қорытындысы.**

Мектепалды жастағы балалардың ата-аналарына арналған сауалнаманың мақсаты: балабақша деңгейін анықтау. 2023 жылдың сәуір айының 17-18 күндері №8 «Тұлпар» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК-ның мектепалды даярлық тобының балаларының ата-аналар арасында карантиндік шараларды сақтай отырып, сауалнама жүргізілді. Балабақша бойынша тізімдегі балалар саны-49 бала. Сауалнамаға қатысқан ата-аналар саны – 49 ата-ана. Балабақшаның жұмысының жоғары деңгейдің көрсеткіші – 94% Сауалнаманы талдай отырып, мынадай қорытынды анықталды:

1. «Денсаулық сақтау дағдысы» бойынша: «толығымен келісемін» жауабымен - 53% ата-аналар, «келісемін» жауабымен - 47% келісті.

2. «Коммуникативтік-тілдік дағдылар» бойынша: «толығымен келісемін» жауабымен 45% – ата-аналар, 55% – «келісемін» жауабымен.

3. «Танымдық дағдылары» бойынша: «толығымен келісемен» жауабымен – 42% , «келісемін» жауабымен - 58% келісті.

4. «Шығармашылық дағдылары» бойынша: «толығымен келісемін» жауабымен – 45% , «Келісемін» жауабымен -55 %

5. «Әлеуметтік дағдылары» бойынша: «толығымен келісемін» жауабы – 57 % «келісемін» жауабымен – 43%

Қорытындылай келе, балабақшаның денсаулық дағдысы мен әлеуметтік дағдысы және шығармашылық дағдылары бойынша өте жақсы көрсеткішті көрсетті, ал, коммуникативтік-тілдік дағдылары және танымдық дағдылары бойынша жақсы көрсеткіштермен бағаланды. Сауалнама қорытындысы негізінде №8 «Тұлпар»

бөбекжай-балабақшасы» ұжымы алдағы уақытқа мақсат қойылды: Танымдық пен коммуникативтік-тілдік дағдылары бойынша тереңдете отырып жұмысты жақсарту. Өз білімімізді жетілдіру, шығармашылықты дамыту. Мектепалды даярлық тобының мектепке дайындау жұмысын жүйелі түрде жүргізу.

**Қорытынды:**

1. «№8 «Тұлпар» бөбекжай-балабақшасы өзін- өзі бағалау барысында жүргізілген жұмыс қорытындысы бойынша білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келеді
2.Өзін-өзі бағалау жұмысы барысында балабақшаның оқу-тәрбие үрдісінің ұйымдастырылуы мен педагогтардың кәсіби қызметтеріне даярлығы бойынша анықталған көрсеткіштерге сәйкес келеді.
3.Өзін-өзі бағалау бойынша қаралған жұмыстың құжаттарының көшірмелері, видео үзінділері талап етуші орынға дайындалды.

**Комиссия мүшелері:**

1) Комиссия төрағасы Э.М.Косжанова ________
2) Комиссия төрағасы орынбасары Н.Е.Калымбетова ________
3) Комиссия мүшесі Н.С.Жанбирбаева ________
4) Комиссия мүшесі С.Г.Сарсембаева ________
5) Комиссия мүшесі М.Д.Жантөрина ________
6) Комиссия мүшесі Н.А. Сагинова ________